

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 54 (9372) | 1954 жылғы 13 март Сенбі | Шығуына 35 жыл және саны 20 тыйын.

Ертен, 14 март — ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні.

Сайлауға тегіс қатысып, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына бірауыздан дауыс берейік!

К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдастың сайлаушылармен кездесуі

ЛЕНИНГРАД, 10 март. (СОТА). Бүгін А. М. Горький атындағы Мәдениет сарайында Ленинград қаласының Киров сайлау округі сайлаушыларының ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели Климент Ефремович Ворошилов жолдасымен кездесуге арналған сайлау алдындағы жыйналысы болды.

Қаланың Ленин және Киров аудандарының заводтары мен ғылыми мекемелерінің 2 мыңнан аса өкілдері—өндіріс озаттары, ғалымдар, дәрігерлер, жоғары оқу орындарының студенттері, Балтықтың теңізшілері сарайдың мейрамдағыдай безендірілген залына лық топды. К. Е. Ворошилов жолдастың президиумға келуін жыйнақталғандар ду қолшалақтап қарсы алды. Бәрі де орындарынан тұрды.

СОКП Киров аудандық комитетінің секретары К. С. Чернявский жолдас жыйналысты ашып, ленинградтықтардың бүкіл совет халқымен бірге ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы болатын күнді еңбектегі жаңа жеңістермен қарсы алып отырғанын атап көрсетті. СОКП Орталық Комитетінің сайлау алдындағы үндеуі еңбекшілер арасында жаңа саяси және еңбек өрлеуін тудырып, оларды бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі—сүйікті Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін гүлдендіру үшін оған әрі күресуге жігерлендірді.

Мінбеде—төрт орденді Киров заводтарының құрты өндірісшісі Карташев жолдас. Ол бүкілхалықтық мерекеге әзірлену күндерінде Отанымыздың еңбекшілерінің социалистік жарысының кеңінен өрістегенін айтты. Коммунистік партияның халық игілігіне жасап отырған күнбе-күнгі қамқорлығы, оның көмегерлік сыртқы және ішкі саясаты, барлық совет адамдары сияқты, Кировшыларды да еңбекте жаңа жеңістерге жетуге жігерлендіріп келеді. Заводтың коллективті сайлау қарсаңындағы жарыста көтеріңкі социалистік міндеттемелер алды. Болат қорытушы Киров-

шылар болаттың 85 процентін шапшаң қорытуға уәде берген еді, ал 1954 жылдың екі айының ішінде болаттың 90 процентіне жуығын шапшаң қорытын берді. Усталар мен құрастырушылар да өз міндеттемелерін асыра орындауда.

Нарва заставасының барлық еңбекшілері, деп мәлімдеді шешен, Климент Ефремович Ворошиловтың ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына Киров сайлау округі бойынша дауысқа түсетінін мақтан етіп отыр. 14 мартта партия мен халықтың адал ұлы—Ворошилов жолдасқа бірауыздан дауыс бере отырып, Кировшылар коммунистер мен партияда жоқтардың қуатты халықтық блогі үшін, сүйікті Отанымызды оған әрі көркейтудің үшін, коммунизмнің жеңісі үшін дауыс береді.

Сөз «Красный треугольник» зауытының аға инженері Жирнова жолдасқа берілді. Ол былай деді: Коммунистік партияның сыннан өткен басшылығымен совет халқы коммунизмге қарай алып алдымен алға басып келеді. Астық өндіруді арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде партия алға қойған маңызды жаңа міндеттерді жұмысшы табы, колхозшы шаруалар, советтік интеллигенция орасан зор жігермен қарсы алды. Совет адамдары партияның осы аса маңызды зор нұсқауларын жүзеге асыруға берік бел байлап отыр.

—Мемлекеттік өкметтің жоғары органының сайлауы болатын күні бізде арқашан да бүкілхалықтық зор мерекеге айналуда,—деп мәлімдеді Жирнова жолдас.—14 мартта біз туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқандықты тағы да айқын көрсетеміз. Бұл күні біз мемлекетіміздің қуаттылығын барынша нығайту үшін, мемлекетіміздің бейбітшілікті сақтап, баянды ету жолындағы күресінде жаңа табыстарға жетуі үшін, елімізде коммунистік қоғам орнату үшін дауыс береміз.

Жыйналыста Нарва заставасы жастарының өкілі Галкин жолдас еңбек етуге, оқуға, тынығуға, бақытты, еркін тұрмысқа барлық праволар алып отырған жақ совет адамдарының қуанышы мен мақтаншы туралы айтты. Киров ауданының жүздеген жігіттері мен қыздары, деп мәлімдеді ол, туысқан Коммунистік партияның шақыруына жауап ретінде және тыңайған жерлерді игеру үшін Алтай өлкесіне баруға тілек білдірді. Комсомолецтер үшін партиямыздың нұсқауларын орындау жолында еңбек етуден жоғары аброй жоқ. Партияның басшылығымен совет жастары коммунизм орнату үшін еңбекте жеңістерге жетіп, ғылымның биік шыңдарын меңгеруге аттанып, білім алуға.

Республиканың еңбек сіңірген дәрігері Виноградов жолдас және Киров зауытының жаңашыл слесарі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Зайченко жолдас совет өкметі жылдарында Нарва заставасы жағында болған түбірлі өзгерістер туралы, сайлау қарсаңындағы жарысқа қатысушылардың табыстары туралы айтты. Киров сайлау округінің барлық сайлаушылары 14 мартта Коммунистік партияның аса көрнекті қайраткері Климент Ефремович Ворошиловқа бірауыздан дауыс береді деп сенім білдірді.

Бұдан кейін жыйналысқа қатысушылар ұзақ қолшалақтап қарсы алған К. Е. Ворошилов жолдас сөз сөйледі. Ворошилов жолдастың сөзі зор ықыласпен тыңдалып, оған сан рет қолшалақталды.

Сайлаушылардың ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат К. Е. Ворошилов жолдасымен кездесуі партияның, үкметтің және бүкіл совет халқының мызғымас ұлы бірауыздан жарқын бейнесіне айналып, халықтың Коммунистік партия мен оның Орталық Комитетінің төңірегіне тығыз топтасқандығын көрсетті.

Халықтың мәдени дәрежесін оған әрі арттыруға зор көңіл бөлінуде. Біздің озат социалистік ғылымымыз бен біздің жоғары идеялы советтік іскершілігімізді өркендетуге орасан көп қаржы жұмсалуда. Ғалымдардың, әдебиет пен искусство қайраткерлерінің творчестволық жұмыс істеп, оған әрі алға басуы үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалып отыр.

Совет ғылымы өзінің халық алдындағы борышын аброймен орындап келеді. Біздің ғалымдарымыз атом қуатының құпиясын ашты. Олар аз уақыттың ішінде атом қуатын социалистік шаруашылықты өркендету және еліміздің қорғаныс қабілетін оған әрі нығайту қызметіне қоя білді. Бұл—совет ғылымының Отанымыз алдындағы ұлы еңбегі. (Қолшалақтау).

Халық ағарту ісінің қажеттеріне жылдан-жылға көп қаржы жұмсалып, мектептер мен жоғары оқу орындарының саны көбейіп келеді. Бізде еліміздің барлық халқының төрттен бірінен астамының әртүрлі оқу орындарында оқуының айтақ та жеткілікті. Жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім алу ісі көздің өзінде-ақ жүзеге асырылды. Бесжылдықтың аяғында одақтас республикалардың астаналарында, облыстарында, өлкелік және ең ірі өнеркәсіптік орталықтарда жетіжылдық оқудан жалпыға бірдей орта білім алуға көшу ісі аяқталды, ал келесі бесжылдықта жалпыға бірдей орта білім алу ісі барлық жерде де жүзеге асырылады. (Қолшалақтау).

Отанымыздың қол жеткен табыстарын Ленинградтың мысалынан айқын көруге болады. Біздің қаһарман қаламызға гитлершіл басқыншылардың қандай ауыр зардаптар тигізгенін біздің бәріміз де әлі ұмытқандымыз жоқ, жолдасстар. Қаланың ондаған кәсіпорындары, тұтас кварталдары қыйрап, істен шыққан болатын. Міне көзір, соғыстан кейін он жыл өткенде, Ленинградтың кең, сәулетті көшелерімен келе жатып, біз оның қандай жақсарып, қайта жаңарғанын, оның бұрынғыдан әлде қайда қарыштап алға басқанын көріп отырмыз!

Ленинградтықтардың және ең алдымен жұмысшылардың қаһармандықпен күш жұмсауы арқасында Ленинградтың өнеркәсібі тұтас алғанда өндіріс жоспарларын жылма-жыл орындап және озыра орындап келеді. 1953 жылы

бас тарту қажет. Әртүрлі буындарда, төменгі, орта дәрежелі және жоғары буындарда, басшылық ету деңгейіміз—ол ең алдымен жазу—директивалар, нұсқаулар, ескертпелер, талалар және басқаларын жазу, текана жазу деп санайтын басшылар, амал қанша, әлі де бар. Бұл үлкен кесел, сондықтан оны тезірек жою керек. (Қолшалақтау).

Орталық мекемелер мен жергілікті органдардың ұйымдастыру, бағыттау жұмыстарының дәрежесін батыл арттырып, шаруашылық және мәдениет құрылысының алуан салалы жұмыстарына жанды, нақты, іскерлікпен басшылық етуде олардың ролін күшейтіп, олардың қалың бұқармен іскерлік байланыстарын ұлғайтып, нығайта беру керек.

Біздің алдымызда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық резервтерін іске қосу қажет, ал бізде мұндай резервтер аз емес.

Селоға көздің өзінде көптеген мамандар барды және әлі де баруда. Совхоздар, МТС-тер мен колхоздар көптеген жаңа техника алды. Көзір істің түйіні мамандардың жаңа кадрларын дұрыс орналастырып, техниканы ұқыптылықпен пайдалануда, сөйтіп, егіннің шығымдылығы мен қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда, барлық колхоздар мен совхоздарды озаттардың дәрежесіне жеткізуде, біздің социалистік ауыл шаруашылығымызды оған әрі көркейтуде болып отыр.

Өнеркәсіпте де пайдаланылмай жатқан резервтер аз емес. Жоспарларын орындамайтын кәсіпорындар да бар. Бірқатар фабрикалар мен заводтарда аса бай техника нашар пайдаланылады. Еңбек өнімділігінің артуы баяу. Өндіріс қуаттары мен алаңдарын неғұрлым жақсы пайдалану үшін әлі де барлық жерде бірдей шын күрес жүргізілмей келеді.

Бұл кемшіліктер азды-көпті болса да, амал қанша, Ленинградта да болып отыр. Біздің облыста ауыл шаруашылығының жайы тіпті де жақсы емес; дөңді дақылдардың, картоп пен овоқтың шығымдылығы төмен, мал шаруашылығының өнімі аз. Облыстық ұйымдар ауыл шаруашылығына басшылық етудің бюрократтық әдістерінен әлі де тартынбай отыр. (Залда қозғалыс, қолшалақтау).

дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау және баянды ету үшін халықаралық шиеленісті бәсеңдету.

Ұлы қытай халқымен және халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен, капиталистік және отар елдердің миллиондаған қарапайым және адалияетті адамдарымен туысқандық бірлік жасай отырып, совет мемлекеті халықтардың бейбітшілігі мен достығының сәулетті туын жоғары ұстап келеді. (Қолшалақтау).

Державалардың өзара қатынастарында, империалистік елдердің агрессияшы топтары бұған сендіруге тырысып отырғандай, «күш көрсету тілімен» ғана сөйлесуге болады дегенге сенетіндер көзір тым аз.

Совет сыртқы саясатының бейбітшілігі төрт державаның сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінде тағы да айқын көрсетілді. Мұндай кеңесті шақырудың өзі—халықаралық шиеленісті бәсеңдетуді жақтаушылардың сөзсіз табысы.

Төрт державаның сыртқы істер министрі Берлин кеңесінің қорытындылары көздің өзінде жалпы жұртқа мәлім болып отыр. Берлин кеңесіне қатысқан біздің делегациямыздың басшысы Молотов жолдас Берлин кеңесінің қорытындылары туралы жуырда толық мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдеме жарияланғаннан кейін, меніңше, осында бұл мәселе жөнінде толық айттып жатудың қажеті жоқ сияқты.

Мұндағы күмәнсіз бір мәселе—Берлин кеңесі төрт державаның сыртқы істер министрлерінің өзара қатынастарындағы ұзақ үзілістен кейін бірқатар халықаралық мәселелерді анықтауға көмектесіп, халықаралық шиеленісті сәл бәсеңдетуге жол ашты. Атап айтқанда, алдағы апрельде Корея мен Индо-Қытай мәселелері жөнінде болатын Женева кеңесі осы мақсаттарға қызмет етуге тиіс.

Біздің бейбітшіл саясатымызда сыртқы дүниемен іскерлік байланыстарды өркендету үлкен орын алып отыр. Мен мұнда Совет Одағының соңғы уақытта бірқатар капиталистік мемлекеттермен өзара тиімділік негізде жасасқан көптеген сауда договорларын айтып отырмын. Бұл іскерлік байланыстар, әрине, мемлекеттердің өзара түсінісуіне белгілі бір дәрежеде көмектесетін болады.

Дегенмен де біз өзімізге мықтап көңіл

Ленинград қаласының Киров сайлау округі сайлаушыларының 1954 жылғы 10 марттағы жыйналысында

К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдастың сөйлеген сөзі

Қымбатты жолдасстар!

лық салаларын жеделдете өркендетудің көркейтудің негізі— ауыр индустрия-

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына менің кандидатурамды ұсынып, сіздердің маған көрсеткен зор сенімдеріңіз үшін Ленин қаласының Киров сайлау округінің барлық еңбекшілеріне шын жүректен алғыс айтамын. **(Ду қолшапалақтау).**

Маңгі жасайтын Ленин және оның ісін алға апарушы ұлы Сталин біздің партиямызға халықтың сенімін барынша қымбат санауды, халыққа қызмет етуді, оның көркеюі және бақыты үшін күресуді үйретті. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Біздің партиямыз, оның Орталық Комитеті бұл есіетті қасиетпен сақтап келеді. Халқымызды жаңа жеңістерге қарай сеніммен алға бастап келе жатқан партияның бүкіл алуан салалы, жанартушы, революциялық жұмысы халыққа қызмет етуге бағындырылған.

Осында менің атыма айтылған жылышарайлы сөздерді мен толығымен біздің туған Коммунистік партиямызға айтылған сөз деп білемін, өйткені мен осы партияның әрқашан да адал ұлы болып келдім және жүрегімнің соғыс қашан тоқтағанға дейін оның адал ұлы бола беремін. **(Ұзақ, ду қолшапалақтау).**

Жолдастар! Отанымыздың даңқты күні — Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің жаңа сайлауы басталып кун жақындап келеді. Біздің халқымыз бұл сайлауға бұрынғысына, өзінің Коммунистік партиясы мен Совет үкметінің төңірегіне берік топтасып келіп отыр.

ССРО Жоғарғы Советінің өткен сайлауынан бергі төрт жылдың ішінде Отанымыздың халқы Коммунистік партия мен Совет үкметінің басшылығымен социалистік экономика мен мәдениетті өркендетуде, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттыруда, совет мемлекетінің қорғаныс қабілетін нығайтуда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісін оған әрі баанды етуде орасан зор табыстарға жетті.

Сіздер жақсы білетін, ал Коммунистік партияның Орталық Комитетінің сайлаушылар арнаған үндеуі тағы да айқын көрсетіп, есімізге салған бұл табыстардың қорытындылары партия мен үкметтің совет халқының әл-ауқатын оған әрі арттыру үшін, халықтың өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін тыластан күрес жүргізіп отырғанын айқын дәлелдейді.

Өткен жылы және быылғы жылдың басында Коммунистік партия мен Совет үкметі ауыл шаруашылығын оған әрі және қысқа мерзімде өркендету, халық тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайту және совет саудасын өрістету жөнінде аса ірі шаралар белгіледі.

Жұртқа мәлім, халық тұтынатын заттар өндірісін мықтап арттыру біздің ауыл шаруашылығымыздың жағдайына, егінің шығындылығы мен малдың өнімділігіне тікелей байланысты.

Партиямыздың Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы өткен жылы ауыл шаруашылығындағы олқылықтарды бағына ашып, экономиканың бұл саласына басшылық етуге міндетті толық жатқан министрліктер мен ведомстволарды қатысына, ауыл шаруашылығының бар-

ның Орталық Комитетінің жуырда болған кезекті Пленумы Орталық Комитеттің сентябрь Пленумының директиваларын орындаудың барысын егжей-тегжейіне жете талқылап, колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің, сонымен қатар партия, совет және ауылшаруашылық ортаңдарының социалистік егішілікте мықтап өркендетуге жағдайлар жасау жөнінде едәуір жұмыс істегенін атап көрсетті. Аз уақыттың ішінде ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы едәуір өсіп, нығайды, ал ең бас-тысы, партияның шақыруы бойынша көптеген тәжірибелі мамандар ауылшаруашылық өндірісіне қосылды және әлі де қосылуда, мұның өзі ауыл шаруашылығын мықтап өркендету ісіндегі шешуші күш болып табылады. Бірақ, бұл істің бастамасы ғана. Алдымызда тұрған осы зор міндеттердің бәрін Отанымыздың егіс даласында қажырлы еңбекпен шешуге тура келеді. Совет адамдарының бұл шай-қаста да аброймен жеңіп шығатынында күмән жоқ. **(Қолшапалақтау).**

Орталық Комитеттің соңғы Пленумында ауыл шаруашылығын жаң-жақсы өркендету және жедел жақсарту жөнінде де бұдан былайғы бірқатар шаралар белгіленді. Партияның Орталық Комитетінің тың және тынайған жерлерді игеру туралы қарарына ерекше назар аудару керек.

Тынайған жерлерді игеру жұмыстары өзінің көлемі мен еліміз үшін маңыздылығы жағынан совет халқы жүзеге асырып жатқан социалистік құрылыстың ең ірі шараларымен салыстыруға әбден болады. Мұның өзі біздің таяудағы жылдарда елімізде астық өндіруді талай жүздеген миллион пұт арттыруымызға мүмкіндік береді.

Жолдастар! Мұнымен қатар партия мен үкметтің соңғы уақытта жүргізген шаралары 1953 жылдың аяқ кезінде-ақ халық тұтынатын товарлар өндірісін арттыруға мүмкіндік берді. 1953 жылы көпшілік тұтынатын товарлар өндіретін 300-ге жуық жаңа кәсіпорындар салынды. Талай жүздеген тоқыма, былғары-аяққим фабрикалары, сонымен қатар тамақ өнеркәсіп орындары салына бастады.

Басқа да бірқатар ірі шаралар белгіленіп отыр. Бұл шараларды жүзеге асыру таяудағы екі-үш жылдың ішінде совет адамдарының тұрмыс дәрежесін мықтап арттыруды қамтамасыз етеді.

Халық тұтынатын товарлар өндіретін өнеркәсіп салаларын осындай жеделдету өркендетудің мүмкін болған себебі — біздің социалистік еліміз бүкіл экономикамыздың және еліміздің кәзіргі заманғы қорғаныс қабілетін әбден нығайтудың негіздерінің негізі — ауыр индустрияны өркендетіп келді және өркендетіп отыр. Біздің ауыр өнеркәсібіміздің табыстарын сыйпаттайтын мәліметтер, қысқаша айтқанда, міне мынадай: 1953 жылы 38 миллион тонна болат қорытылып, 320 миллион тонна көмір шығарылды — бұл 1940 жылғыдан екі есе артық. Біз 52 миллион тонна мұнай шығардық — бұл 1940 жылғыдан 70 процент артық. Советтік индустрияның жүрегі — біздің ма-шина жасау өнеркәсібінің және ауыр өнеркәсіптің басқа да бірқатар салалары жедел қарқынмен өркендеп келді.

Біз еліміздің социалистік экономикасын

тің, жетілдіре береміз.

Партиямыз бен Совет үкметінің ішкі саясаты совет халқының материалдық жағдайын арттыра беруге үнемі бағытталып келеді. 1947 жылдан бастап көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы ал-ты рет кемітілді, сойтіп жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы үнемі артып келеді. Мысалы, 1953 жылы тұтас алғанда жұмысшылар мен қызметшілердің табысы жұмыс істейтін бір адамға шаққанда, 1952 жылмен салыстырғанда, 13 проценттен аса артты. Халыққа әртүрлі жәрдемдер мен пенсиялар беруге, медициналық тегін көмек көрсетуге, мектептерде оқытуға және басқа мәдени-тұрмыс қажеттеріне мемлекеттік бюджеттен жыл сайын жұмсалып отырған қаржы артып келеді.

Мұнымен қатар үкмет өткен жылы колхозшы шаруалардың табысын арттыру жөнінде бірқатар шаралар жүргізді. Колхозшылардың жеке шаруашылығынан алынатын ауылшаруашылық салығы мен міндетті түрде өнімдер тапсыру нормалары едәуір кемітілді, ауылшаруашылық өнімдерінің көптеген түрлерінің дайындау және сатып алу бағалары арттырылды, колхозшылардың өткен жылдардан қалған ауылшаруашылық салығы жөніндегі бересілері, сонымен қатар ауыл шаруашылығының өнімдері мен қаргопты мемлекетке міндетті түрде тапсыру жөніндегі бересілері олардан толығымен алынбайтын болды. Колхоздардың қаргоп пен овоц тапсыру жөнінде өткен жылдардан қалған бересілері де олардан алынбайтын болды. Осы шаралардың бәрін жүргізу нәтижесінде колхоздар мен колхозшылардың табысы өткен жылы жалпы алғанда 13 миллиард сомнан аса артты.

Тұрғын үйлер салуға жұмсалатын қаржыны мемлекет жылдан-жылға арттырып келеді.

1953 жылы еліміздің қалалары мен қалалық поселкелерінде 28 миллион шаршыметр тұрғын үйлер және селоларда 400 мың үй салынды. Құрылыстың көлемі зор екенін көріп отырсыздар. Бірақ, бізде тұрғын үйлер жөніндегі мұқтаждық әлі де зор. Соңғы соғыста біздің қалаларымыз бен селоларымыздың соншалық күшті қыйрап, бүлінгенін осында айтып қалудың қажеті жоқ. Сіздер, ленинградтықтар, мұны өте жақсы білесіздер.

Партия мен үкмет тұрғын үйлер салуға үнемі баса көңіл бөліп келеді. Кәзірдің өзінде көп жұмыс істелді, бірақ таяудағы жылдарда еңбекшілердің тұрғын үй жағдайын батыл жақсарту үшін әлі де көп жұмыс істеу керек.

Совет үкметі сауданы түбірімен жақсарту және совет адамдарына қызмет ету жөнінде бірқатар шаралар қолданды. 1953 жылы сауда жүйесіне жылдық жоспарға қосымша 33 миллиард сомның товарлары түсті. Өткен жылы мемлекеттік және кооперативтік сауда орындары арқылы ғана халыққа сатылған товарлар 1952 жылғыдан 21 процент асып түсті.

Таяудағы 2—3 жылдың ішінде әрбір қала мен селолық ауданда қажетті товардың бәрін сатып алуға болатындай міндет қойылып отыр. Бұл жеңіл міндет емес, жолдастар, бірақ, бұл міндет жүзеге асырылады. **(Қолшапалақтау).**

1949 жылмен салыстырғанда 81 процент артты. Өткен жылы қала мен облыстың кәсіпорындары мемлекеттік жоспарды 104,2 процент орындады, сонымен қатар еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырма да асыра орындалды.

Жолдастар! Халықтарымыздың бейбітшілігі мен халықшылдығының тірегі — біздің Советтік Социалистік мемлекетімізді барынша нығайтып отыруды партия мен үкмет өздерінің қасиетті борышы деп санайды. Совет мемлекеті әрқашан да және міндетті түрде берік, қуатты болуға тиіс — біздің ойымызда алға басуымыздың көпшілігі, міне, осында. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Коммунистік партия жұмысшылар мен шаруалардың мызғымас одағын құрып, үнемі нығайтып келеді. Бұл одақ ұлы Октябрьдің жеңісін, елімізде социалистік құрылыстың салтанат құруын қамтамасыз еткен шешуші күшке айналды. Жұмысшы табы мен колхозшы шаруаларымыздың одағын барынша нығайта отырып, біз коммунизм құрылысының табыстарын қамтамасыз етіп келеміз.

Совет халықтарының мызғымайтын, барған сайын және үздіксіз нығайтып отырған шын мәнісіндегі туысқандық достығы біздің социалистік қоғамның ұлы күші болып табылады. Совет адамдары түгелімен өзінің ұлы социалистік Отанының азаматтары болып отырғанына бақытты және оны мақтан етеді. **(Қолшапалақтау).**

Бейбітшілік, демократия және социализм күрескерлерінің қуатты лагері жылдан-жылға өсіп, жаңа күштер алып келеді.

Ұлы Қытай мен халықтық демократия елдерінің халықтары прогресс жолында сеніммен алға басып, қайнаған еңбек үстінде жемісті өмір сүруде. Олар экономика мен мәдениеттің зор табыстарына кәзірдің өзінде жетті. ССРО-ның туысқандық көмегі өзінің жаңа тұрмысын орнату жолындағы қыйыншылықтардың бәрін қажырлылықпен және аброймен жеңіп келе жатқан достас халықтардың оған әрі көркейіп, алға басуының көпшілігі болып табылады.

Жолдастар! Партия мен үкметтің саясатын бүкіл совет халқы әрқашан да бірауыздан мақұлдап, белсене қолдап келеді. Совет адамдары Коммунистік партияның болашаққа арналған жоспарларын мақұлдап отыр. Бірақ жоспарлардың нақты іске айналуы үшін оларды мақұлдау ғана жеткіліксіз. Миллиондардың қажырлы, ұйымдасқан, творчестволық жұмыс істеуі керек. Біз, коммунистер, істің адамдарымыз, басқаша болуы мүмкін де емес. Бірақ, жақсы сөздер сөйлей білетін және сөйлеуді жақсы көретін, ал іске басылық ете білмейтін, өз үлесінде жұмысты жолға қою әдісін үйренуе асықпайтын жолдастардың коммунистер арасында әлі де бар екенін жасыруға болмайды. Бұл сыяқты адамдарды неғұрлым тез тәртіпке шығару қажет. **(Қолшапалақтау).**

Мұнымен қатар біздің шаруашылық, мәдени және басқа практикалық жұмысымыздың үлкенді-кішілі барлық учасоктеріне басшылық етудің кеңесшілік-бюрократтық әдістерінен батыл және дереу

Ленинград кәсіпорындарының жұмысы да таптырлықпен өтті. Бірқатар, кәсіпорындар 1953 жылғы мемлекеттік жоспарды, өнімнің өзіндік құнын кеміту және еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарларды орындамады. Кейбір заводтар мен фабрикалардың жұмысында біржәкілік болмай, аптығушылық орын алып отыр, заводтың ішкі резервтері жеткілікті түрде белсене ашылып, пайдаланылмайды, көп жағдайда күрделі және қымбат тұратын өнімнің брақ жасалуы әлі де күшті — осының бәрі Ленинградтың партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінен өнеркәсіптің жұмысына пәрменді басшылық етіп, күнбе-күн бақылау жасауды талап етеді.

Сіздердің тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс мекемелерін салу саласындағы табыстарыңыз аз емес, бірақ, бұл істе де кемшіліктер көп. Құрылыстар қымбат және зыянмен салынады, материалдар иесіздікпен ұқыпсыз жұмсалады. Пайдалануға берілетін үйлердің сапасына көптеген таланттар қойылып жүр.

Жолдастар, сіздердің зор табыстарыңызға қарамастан, әлі де көптеген олқылықтар да бар екенін көріп отырсыздар. Әрине, қаһарман қаланың еңбекшілері атап көрсетілген кемшіліктерді жою ісін аброймен орындайды. Бұл үшін ленинградтықтардың қажетті мүмкіндіктерінің бәрі бар — оның берік партия ұйымы, өз Отанына деген сүйіспеншілігі, білім, еңбектегі жігері және еңбек етуге ұмтылған большевиктік қажырлы талабы бар. **(Қолшапалақтау).**

Жолдастар! Біздің социалистік Отанымыз Жоғарғы Советтің сайлауын өзінің творчестволық күштері көркейген жағдайда қарсы алғалы отыр.

Қол жеткен табыстар біздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысымыздың капиталистік құрылыстан басым екендігін жаңа күшпен дәлелдейді. Екі системаның бейбіт жарысында социализм капитализмді жеңіп келеді. Мұны біздің достарымыз ғана емес, дұшпандарымыз да айқын көруде.

Империалистік мемлекеттердің экономикасы соғыстан кейінгі дәуірде көбінесе соғыс өнеркәсібін өсіру есебінен өркендеді. Бұл елдердің экономикасын мұндай жасандылықпен өркендету ұзаққа бара алмайды.

Шынында да, соңғы айлардың ішінде АҚШ-та, тіпті басқа капиталистік елдерде де, басталып келе жатқан экономикалық кризистің айқын белгілері күшті сезіледі. Еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі төмендеп, көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы артып, жұмыссыздық күшеюде. Міне, сондықтан реакцияшыл топтардың соғыс желікесін қоздыру, халықаралық жағдайды бұрынғыдан да зор шиеленіс тудыру және оған әрі жанталаса қарулану арқылы экономикалық кризиске жол бермеуге әрекеттеніп отырғаны түсінікті де.

Жолдастар! Совет мемлекетінің сыртқы саясаты жалпы жұртқа мәлім. Бұл саясаттың мақсаты бұлжымайды, бұл мақсат — жаңа соғысқа жол бермеу, мемлекеттердің өзара түсінісуіне жету, бүкіл

өмір сүріп отырмыз, сондықтан Отанымыздың қорғаныс ісін ұмытпауға тиіспіз. Соңғы жылдардың ішінде Совет Одағы бұрынғыдан анағұрлым күшті және қуатты елге айналды. Біздің Қарулы Күштеріміз өзінің бейбітшілік ұлы халқының игілікті еңбегін қандай жағдайда болса да қорғау үшін не керектің бәрін қамтамасыз етіліп отыр. **(Қолшапалақтау).**

Жолдастар! Социалистік Отанымыз Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ұлы, жеңімпаз туы астында өз жолымен берік қадам басып келеді. Совет адамдары өзінің тамаша болашағына сеніммен көз жіберіп отыр. ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күндерінде елімізде өрістеген саяси және еңбек өрлеуі советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігінің және Совет Одағында коммунизм орнатудың асқан зор программасын толық жүзеге асыруға халқымыздың берік бел байлап отырғандығының айғағы болып табылады. **(Қолшапалақтау).**

Ленинградтың еңбекшілері халық шаруашылық жоспарларын орындау және асыра орындау жолындағы күрестің арқашан да авангардында болып келеді. Сіздер ұлы Лениннің есімімен аталған даңқта қалада, совет өкметі туған қалада өмір сүріп, жұмыс істеу бақытына ие болып отырсыздар. Өзінің революциялық дәстүрлерінен айнамайтын Ленинградтың еңбекшілері бұдан былай да коммунизм құрылыстарының алдыңғы қатарында болады және партия мен үкмет өздерінің алдына қойған міндеттерді аброймен орындайды деп сенім білдіруіме рұқсат етіңіздер, жолдастар. **(Ұзақ, ду қолшапалақтау).**

Жолдастар! Біздің сайлауларымыз советтік демократияның, партияның, үкметтің және халықтың мызғымас бірлігінің арқашан да жауынгерлік байқауы болды және бола береді. ССРО Жоғарғы Советінің алдағы сайлауында да барлық совет адамдарының коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогінің кандидаттары үшін, социалистік Отанымыздың оған әрі көркеюі үшін бірауыздан дауыс беретінінде күмән жоқ. **(Қолшапалақтау).**

Маған зор құрмет көрсеткендеріңіз үшін сіздерге және сіздер арқылы Киров сайлау округінің барлық еңбекшілеріне тағы да алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Мен әрқашан да халық ісінен, партиямыздың ісінен, коммунизм ісінен айнамаймын және сіздердің сенімдеріңізді ақтаймын дел, өзімнің сайлаушыларымды және Ленин қаласының барлық еңбекшілерін сендіремін. **(Ұзақ, ду қолшапалақтау).**

Біздің сүйікті социалистік Отанымыз нығайтып, өсіп, көркейе берсін! **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Ұлы совет халқы жасасын! **(Ду қолшапалақтау).**

Женістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — біздің ұлы, даңқты Коммунистік партиямыз жасасын! **(Ду қолшапалақтау).**

Біздің Совет үкметіміз жасасын! **(Овацияға айналған ду қолшапалақтау. Бәрі де орындарынан тұрды. «Ура!» айтып, құттықтаған дауыстар естілді).**

Алматы қалалық сайлау округі сайлаушыларының 1954 жылғы 10 марттағы жыйналысында

П. К. ПОНОМАРЕНКО жолдастың сөйлеген сөзі

Жолдастар! Мені СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынған Алматы қалалық сайлау округінің еңбекшілеріне шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. Сіздердің жоғары сенімдеріңізді ақтауға барлық күшіңді жұмсаймын деп сіздерді сендіремін. **(Қолшапалақтау).**

ССРО Жоғарғы Советінің соңғы сайлауы өткен күннен бергі уақыттың ішінде совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті өркендетуде елеулі табыстарға жетті. Мемлекеттің индустриалық қуаты едәуір өсті. Заводтар, фабрикалар, электр станциялары, темір жолдар салынып, қатарға қосылды және жаңадан салынып, кеңейтіліп жатыр. Шойын мен болат қорыту, прокат өндіру, көмір мен мұнай шығару, машиналар жасау, электр қуатын өндіру, халық тұтынатын товарлар шығару ұлғайды. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі 1953 жылы 1940 жылғы өндірісінің дәрежесінен 2,5 есе асып түсті. Ауыл шаруашылығы озат техникамен барған сайын мол жабдықталуда. Ғылымның, мәдениеттің, денсаулық сақтау мекемелері онан әрі дамыды, жоғары оқу орындары, мектептер, ауруханалар, клубтар, кітапханалар, кинотеатрлар көбейді.

Халық шаруашылығының үздіксіз өсуі негізінде еліміздің ұлттық табысы үнемі артуда, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы жыл санап өсуде, колхозшылардың табыстары мөләуәзі, халық тұтынуы өсуде, совет саудасы барған сайын өрістеп, жақсаруда.

Бұл жылдарда партия, орқашандағыдай, советтік социалистік мемлекеттің қорғанымаздығын күшейтуге тынбастан көңіл бөліп отырды, совет халықтарының бейбіт еңбегінің тірегі — Қарулы Күштерді жетілдіріп, нығайтып отырды, бейбітшілік пен халықтар арасындағы достық саясатын бұлжытпай жүргізіп отырды, ұлы қытай халқымен, халықтық демократия елдерінің барлық еңбекшілерімен достықты нығайтты. Совет Одағының жер бетіндегі барлық елдермен экономикалық байланысын кеңейтіп, өркендетуге және достық қатынастар орнатуына жетісті.

Біздің елімізде жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағы бұрынғыдан да нығая түсті. Совет мемлекетінің күштілігі мен қуаттылығының қайнар бұлағы — халықтар достығы бұрынғыдан да нығая түсті. Совет Одағы халықтарының бұл мызғымас достығы жалынды советтік патриотизмнен, совет адамдарының Коммунистік қоғам орнату жолындағы жанқиярлық еңбегінен, олардың бар-

кемінде 13 миллион гектар ұлғайтуды мемлекеттік аса зор міндет етіп қойды. Осы көлемнен 1955 жылдың өзінде-ақ 1100—1200 миллион пұт астық алынуға тиіс.

Қазақстанның еңбекшілеріне осы тарихи міндеттерді орындауда құрметті және жауапты орынға ие болу абройы тиіп отыр. Республика 1954—1955 жылдары дөңді дақылдар егу үшін 6,3 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге тиіс, яғни Совет Одағы бойынша игерілуге жататын жерлердің тең жартысын дерлік игеруге тиіс. Қазақстанда 1955 жылы дөңді дақылдардың жалпы түсімі кем дегенде 550—600 миллион пұт ұлғаяуға тиіс.

Бұл бүкілхалықтық міндеттің орындалуы республика ауыл шаруашылығының мал шаруашылығы сияқты аса маңызды саласын, сондай-ақ техникалық дақылдарды өндіруді алға бастырады. Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениеті жаңа, неғұрлым жоғары сатыға көтеріледі.

Быйылғы жылғы көктемнің өзінде-ақ Қазақстанның колхоздары мен совхоздары тың және тыңайған жерлердің 605 мың гектарына бидай және 50 мың гектарына тары егуге тиіс.

Қазақстанның барлық халқы СОКП Орталық Комитеті мен үкметтің тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қарарын қызу құттықтауда, колхозшылар, МТС-тердің, совхоздардың және өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, қызметшілері мен интеллигенция бұл шараның мемлекет үшін орасан зор маңызы бар екендігі жөнінде, оларды жүзеге асыру жолында қиыншылықтар болатындығы жөнінде өздеріне толық есеп бере отырып, бірақ, олар партияны осы ең керекті бүкілхалықтық міндетті орындауға және асыра орындауға барлық күштерін жұмсайтындығына сендіріп отыр. **(Қолшапалақтау).**

Алға қойылып отырған міндетті толық орындап қана қоймай, асыра орындау үшін де Қазақстанның барлық мүмкіншіліктері бар. Қазақстанның орасан көп аса қунарлы жерлері жыртылмастан жатыр, оларда жасырынып жатқан байлық мол.

Республикамызда жыртуға жарайтындығы анықталған 30 миллионнан аса жер бар. Игерілмеген қунарлы тың жерлердің көлемі 12 мың гектардан асады. Әдетте ірі жерлер, мұның өзі ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық циклдарын толық механикаландырылған қуатты астық шаруашылығын ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Егер Украинада, Кубанда және астық-

лы барлығы 53800 трактор келеді. Мұның нәтижесінде МТС-тердің трактор паркі 2 есе, ал, совхоздарда 3 есе көбейеді. Мұның өзі партия мен үкметтің тың жерлерде астық өндіру үшін қандай орасан зор техникалық база орнататынын көрсетеді. Тың және тыңайған жерлерді игеруде Қазақстанға бүкіл еліміз көмектесуде. Партияның шақыруы бойынша жаңа жерлерді игеру үшін Қазақстанға туысқан республикалардан комсомолдер, жастар, ең жақсы, лайықты адамдар келіп жатыр. Москва, Украина, Кубань жіберген жастардың алғашқы мыңдары көзінді өзінде жаңа жерлер игерілетін аудандарға келді. Олар МТС-тер мен совхоздардың жұмысына қызу араласып, өзінің қиын және ардақты ісіне кірісіп отыр. Біздің міндетіміз — бұл тамаша жастарды лайықты түрде қарсы алып, оларға қажетті тұрмыс жағынан жағдай жасалып, мәдениетті қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге кіріскен тракторшылар, механиктер, комбайншылар, совхоздар мен МТС-тердің жұмысшылары, колхозшылар, партия, совет және шаруашылық қызметкерлері партиямыздың бастауы бойынша қолға алынған ұлы іске қатысушы болу, біздің халқымыздың коммунистік қоғам орнату жолындағы күресінде сөзсіз аса көрнекті орынға ие болатын міндетті орындауға қатысушы болу абройы өздеріне тигенін әбден мақтанып етеді. **(Қолшапалақтау).**

Бағалы техникалық дақылдары — мақтаны, қант қызылшасын, сары темекіні және басқаларын, сол сияқты күрішті өндірудің еліміз үшін мемлекеттік маңызы зор. Бұл дақылдарды өндірудің базасы болып табылатын Қазақстанның оңтүстік облыстарының өте-мөте қолайлы жағдайлары бола тұрса да, бұл дақылдардың өнім, әсіресе, мақта өнімі төмен, өте көлемі жеткіліксіз болып отыр. Бетбақдала деп аталатын жүз мыңдаған гектар өте қунарлы жерлер тиісінше пайдаланылмай келеді.

Оның бер жағында озат колхоздар мен колхозшылар техникалық дақылдардан мол өнім алу үшін қандай ерекше жақсы жағдайлар бар екенін көрсетіп отыр. Күріш өсіруші шеберлер — Қызылорда облысының «Қызыл ту» колхозының бригадирі Ыбрай Жақаев, «Авангард» колхозының бұрынғы звено бастығы Ким Ман Сам күріштің гектарынан алынған өнімді 150—170 центнерге жеткізді. Талдықорған облысында «Бірінші май» колхозының атақты қызылша өсірушісі Ольга Гонаженко қант қызылшасының гектарынан 1.200 центнерден аса өнім алды. Бетбақдаланың өте қунарлы жерлерін игеру

орындау қажет. Мұның өзі шабындықтардың тиімді пайдаланылуын ұйымдастыру, кәзіргі уақытта судың жоқтығынан пайдаланылмай жатқан мол өнімді жайылымдарды суландыру арқылы, жайып суару есебінен шалғындардың шығымдылығын арттыру жолымен, бұл үшін зор мүмкіншіліктер бар, пішін жыйнауды және оны тасуды механикаландыру ісін күшейту жолымен істелуге тиіс. Малды стихияның соққысынан құтқару үшін ең таяу өкі жыл ішінде барлық мал қоралармен қамтамасыз етілетін болуға тиіс.

Мал өсірушілердің материалдық жағынан ынталылығын онан әрі арттыру және мал шаруашылығының қызметкерлері үшін, әсіресе, отар жайылымдарында қажетті жағдайлар жасау мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетудің аса маңызды шарты болып табылады. Бұл шараларды жүзеге асыруда СОКП Орталық Комитеті мен Совет Одағының Үкметі Қазақстанға жан-жақты көмек көрсетіп, қолдап отыр.

Жолдастар! Қазақстан табиғи кен байлықтары жөнінде Совет Одағының аса бай аудандарының бірі болып табылады және өнеркәсіпті бұдан гөрі әлде қайда кең өркендету үшін оның мүмкіншіліктері бар. Қазақстан таяудағы уақытта Совет Одағының қуатты өнеркәсіпті-энергетикалық базаларының біріне айнала алады және айналуға тиіс. Солай бола тұрса да, энергетиканың, көмір өнеркәсібінің, сондай ақ түсті металлургияның жаңа кәсіпорындарын салуда, кәзіргі барларын өркендетуде ірі-ірі кемшіліктер бар. Заводтар, шахталар, электр станциялары, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыс және басқа объектілерін салатын құрылыс ұйымдары құрылыс жоспарларын жыл сайын орындамай келеді.

1953 жылы құрылыс жоспарларын республикадағы 106 құрылыс ұйымының 14-і ғана орындап шықты. Соңғы төрт жыл ішінде құрылыс жоспарларының орындалмауы мемлекет берген 2,2 миллиард сомнан аса қаржының игерілмей қалуына әкеліп соқты.

Тұрғын үй құрылысы мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп келді. Соңғы жылдардың ішінде тұрғын үй құрылысы жоспарларының орындалуы төмендеп кетті және тұрғын үйлердің іске қосылуы азайып кетті. Мәселен, 1950 жылы республика бойынша тұрғын үй құрылысының жоспары 98 процент орындалған болса, 1951 жылы — 88 процент, 1952 жылы — 85 процент және 1953 жылы — небары 77 процент орындалды.

Алматы қаласында бұл істің жайы ерекше нашар, мұнда 1951 жылы тұрғын үйлердің қатарға қосылуы жоспарының 1052 мыңдан 52

Оқу жылын үлгілі аяқтау — мектеп коллективінің абройлы міндеті

Социалистік қоғамда совет мектебіне құрметті және абройлы, мемлекеттік маңызы зор міндет жүктелген. Ол — коммунизмнің болашақ белсенді құрылысшылары — жас ұрпақтарды коммунистік рухпен тәрбиелеу, оларға ғылым негіздерінен терең және тынақты білім беріп, социалистік қоғамның білімді, мәдениетті азаматы, Советтік Отанның шын патриоты етіп өсіру.

Расын айту керек, біздің мектеп коллективі бұл жауапты міндетті орындауда оқу жылының алғашқы тоқсанында көптеген кемшіліктерге жол берді. Калинин атындағы мектеп бірінші тоқсанды нашар көрсеткіштермен аяқтаған мектептердің бірі болды, мектеп бойынша 228 оқушы сабақты үлгермеді. Оқушылардың себепсіз сабақтан қалу сағаттары да аз болған жоқ.

Тоқсандық қорытындыдан кейін болған педагогикалық кеңесте біз бұл сияқты тегісіз кемшіліктердің орын алу себептерін талдадық. Кеңесте ең алдымен оқушылардың басым көпшілігінің қай сабақтардан үлгермейтіндігі туралы мәселе көтерілді. Тексеріс орыт тілі пәнінен үлгермеушілер санының өте көп екендігін көрсетті. Мәселен, IX кластарда оқытатын 82 оқушының 52-сі орыс тілінен үлгермеген. Оқушылар, әсіресе, бұл пәннің жазбаша жұмыстарында көп қателер жіберген.

Бұл жағдайдың болуының басты себебі — мектептегі орыс тілі пәні оқытушыларының әлі де болса оқушылардың терең және тынақты білім алуына жетпей жүргендігінен еді. Ең басты кемшілік — оқушылардың орыс тілі сабағында жаттығу жұмыстары нашар жүргізіліп, оқушыларға мазмұндама мен шығармаларды жаздырып отыруға, грамматикалық талдаулар жасауға, тағы басқаларына жеткілікті көңіл бөлінбеді.

Бұл сияқты кемшіліктер математика-физика сабақтарын оқытуда да кездесіп, Педагогикалық кеңес бұл орын алған кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын қарастырып, мектепте оқу сапасын жақсартуға бағытталған жұмыс жоспарын бекітті.

Орыс тілі пәнінен сабақ берудегі кемшіліктерді жою үшін біз екінші жарты жылдыққа әр пәннен жасалған календарлық жоспарларды мұқият тексеріп, әсіресе, тіл және математика сабақтарының жоспарындағы көрсетілген әр тақырып бойынша оқушылардың орындайтын жаттығуларының көлемін және оның сағат санын педагогикалық кеңесте бекіттік. Оқушылардың жазба жұмыстары үшін сағат санын көбейттік.

Мектептің педагогикалық кеңесі үшінші тоқсанда мектептегі методикалық бірлестіктердің жұмысын қайта құру туралы қаулы қабылдап, олардың өнімді жұмыс істеуіне жағдай туғызды. Мәселен, биология секциясы екінші жартыжылдыққа өзінің жұмыс жоспарын қайта жасап, оқушылардың биология пәнінен терең білім алуына бағытталған шаралар белгі-

сіндіру болып табылады. Секция мүшелері — оқытушылар бұл міндетті ойдағыдай орындап жүр. Сонымен қатар, секция жас мұғалімдерге методикалық көмек беруді белгіледі. Мәселен, секция мүшелері химия пәнінің жас оқытушысы Лоскутова-ның VIII-IX-X кластардағы 15 сабағына қатынасты, бұл сабақтарда оқытушының өтілген материалдарды қайталау системасына, оқушылардың білімдерінің сапалылығына назар аударылып, жас оқытушының методикалық әдісін байытуға бағытталған кеңестер берілді. Бұл сияқты жұмыс жоспарын мектептегі барлық секциялар да жасайды.

Физика, химия, биология сабақтарын ғылыми негізде кәзіргі заманғы өнеркәсіп және ауыл шаруашылығымен тығыз байланыстыра оқыту ісін жолға қою — мектепте политехникалық оқуды жүзеге асырудың басты шарты. Біз оқу жылының екінші жартысында мектеп пен өнеркәсіп орындарының тығыз байланыста болуын қарастырдық. Осы мақсатпен оқушылардың қаладағы шағын двигательдер зауытына, паровоз депосына және басқа да кәсіпорындарға экскурсиясын ұйымдастырдық. Жұырда оқушылардың ауыл шаруашылығы озаттарымен кездесу кешін ұйымдастырғаны отырмыз.

Мектепте политехникалық оқуды жүзеге асырғанда біз қай сабақты болсын (әсіресе, химия, физика, биология пәндері) политехникалық білім беруді сол сабақтың негізгі жүйесіне айналдыруды ерекше ескереміз. Бұл жағдайда біз жоғары класс оқушыларының өз бетімен іздәнулеріне мүмкіншілік береміз. Осының нәтижесінде X-класс оқушылары оқытушы Журавлев жолдастың басқаруымен детекторлы радиоқабылдағын жасап шығарды. Оқушылар мектепте радиотарабын орнатуға кірісті.

Оқушылардың туысқандарымен тығыз байланыста болу — мектептің оқытушылар коллективінің жемісті еңбек етуіне әлде қай жағдай туғызды. Сондықтан да біз мектеп оқушыларының ата-аналарымен байланысты нығайтып, олармен мүмкіншілігі болғанша жиі кездесіп тұруды іске асырудамыз.

Үшінші тоқсан оқу жылының шешуші тоқсаны болып табылады. Сондықтан да біздің мектептің коллективі оқушылардың тынақты және терең білім беру, сойтып, үшінші тоқсанды ойдағыдай аяқтап шығу үшін қажырлылықпен еңбек етуде. Әсіресе, быйылғы жылғы мектепті бітірген отырған X-класс оқушыларының сабақты үлгеру сапасын арттыруға бағытталған шаралар іске асырылуда. Жұырда біз бұл кластың оқушыларымен жеке жыйналыс өткіздік. Ол жыйналыста алдағы емтиханға байланысты мәселелерді талқылап, әрбір оқушы әр пәннен емтиханға қалай әзірлену керек екендігі жөнінде кеңестер берілді.

Біздің мектептің оқытушылар коллективі алға қойылған міндетті ойдағыдай орындай отырып, оқу жылын үлгілі аяқтау жолында аянбай еңбек ететінін сөз-

...қатарымен, ұлттық топтар мен халықтардың еңбекшілерінің түбірлі мүдделерін көздейтін Коммунистік партияның саясатын шын ынтасымен қолдауына көрініп отыр.

Коммунистік партия СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуінде баяндаған өзінің сайлау платформасында оның саясаты алдағы уақытта да Советтік Отанның қуаттылығын нығайтуға, еңбекші бұқараның әл-ауқатын үдіксіз арттыруға, ССРО-ның хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бейбітшілік ісін бүкіл дүние жүзінде баянды етіп отыруға бағытталатын болады, деп мәлімдеді.

Бұл саясатты жүзеге асыра отырып, біздің партия халықтың игілігіне қамқорлық жасау Коммунистік партия мен Совет Үкметі қызметінің ең жоғары заңы болып табылады дегенді басшылыққа алады.

Кәзіргі уақытта партия ауылшаруашылық өндірісін өркендетуге ерекше назар аударып отыр. СОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы септябрьде болып өткен Пленумы ең талдауға 2—3 жыл ішінде ауылшаруашылық өндірісінің шұғыл өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулы қабылдады.

Колхозшы шаруалардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің творчестволық күштері колхоз даласында егіннің шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға, елімізде барлық тамақ өнімдерінің, барлық шикізат түрлерінің толық жеткілікті болуы үшін, барлық колхозшылардың ауқатты және қамтамасыз етілген адамдарға айналуы үшін социалистік ауыл шаруашылығындағы бар резервтерді пайдалануға, қысқа мерзім ішінде артта қалған колхоздар мен аудандарды озаттардың дәрежесіне дейін көтеруге бағытталған.

Осы жылы 2 мартта СОКП Орталық Комитетінің Пленумы «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылдады. Пленум астық өндірісінің кәзіргі уақыттағы дәрежесі өскелең халық шаруашылығы қажеттерінің орнын толтыра алмайтындығын атап көрсетті. Еліміздің алдына астық өндіруді едәуір ұлғайту міндеті қойылып отыр. Астық шаруашылығы бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылады: біз астықты неғұрлым көп өндірсек, бізде тек нан ғана емес, ет те, май да, басқа өнімдер де солғұрлым көп болады.

Егіншіліктің басты міндеті болып табылатын дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырумен қатар, астық өндіруді ұлғайтуда жаңа тың және тыңайған жерлерді игерудің орасан зор маңызы бар. Осыны ескере отырып, партия 1954—1955 жылдары дәнді дақылдардың егістерін Қазақстанның, Сибирьдің, Оралдың, Поволжьең аудандарында және ішінара Солтүстік Кавказдың аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен

ты көп мөлшерде өндіретін басқа облыстарда жыртқалатын жерлер өте аз болып отырса, Қазақстанның республикадағы негізгі астық қоймасы болып табылатын солтүстік-шығыс облыстарында игерілген жерлер: Көкшетау облысында 23 процент, Ақмола облысында 20 процент, Қостанай облысында 13,5 процент болады. 6,3 миллион гектар тың жерлерді игеру дегеніміз бидай көлемінің мөлшері жөнінде Қазақстан 1955 жылы Украинаны қуып жетеді деген сөз. (Ду қолшапалақтау).

Пайдаланылмай жатқан ұлан-байтақ жерлерді астық, сондай-ақ басқа ауылшаруашылық дақылдарын өндіруді ұлғайту жөніндегі жұмысты оған әрі жүрізе беруге пайдалануға Қазақстанның барлық мүмкіншіліктері бар.

Тың және тыңайған жерлерде қандай нәтижелерге жетуге болатындығын Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарындағы көптеген колхоздар көрсетіп отыр.

Ақтөбе облысының Степной ауданындағы П. И. Кольванов жолдас председателі болып істейтін «Авангард» колхозы 1953 жылы қосымша 1500 гектар тың жерге бидай етті. Әр гектардан 20 центнерден өнім алды. Колхоз мемлекетке 135 мың пұт бидай өткізді, 1,8 миллион сом табыс алды, колхозшылардың еңбеккүшіне 4 килограмнан бидай және 7 сомнан ақша берді. Қоғамдық мал шаруашылығы және колхозшылардың малы жемшөппен толық қамтамасыз етілді. Колхоз өндірістің және мәдени-тұрмыс құрылыстарын едәуір ұлғайтты. 1954—1955 жылдары колхоз тағы да 3 мың гектар тың жерлерді игеруді белгілеп отыр.

Немесе, мынадай мысал келтірейік: Көкшетау облысының Руззев ауданындағы Молотов атындағы колхоз, председателі П. Е. Руденко жолдас, 1952 және 1953 жылдары тың жерлерді игеруге кіріскен. Колхоз 1953 жылы 4485 гектар дәнді дақылдардың егіс көлемінен орта есеппен гектар басы 22,2 центнерден, мұның ішінде 3468 гектар бидайдың әр гектарынан 23,5 центнерден өнім алды. Колхоз 1953 жылы мемлекетке 228 мың пұт астық өткізді. 2.080 мың сом ақшалай табыс алды, колхозшылардың әрбір еңбеккүшіне 5 килограмнан астық және 4 сом 41 тыйыннан ақша берді. Тың жерлерді көтерудің де 1954 жылға арналған жоспары бұл колхозда біржарым мың гектар болып белгіленген, бірақ, колхозшылар бұл жоспарды көбейтуді сұрап отыр.

Мұндай колхоздар Қазақстанның облыстарында кәзірдің өзінде аз емес. Кәзіргі уақытта республикамызда партия мен Үкметтің тапсырмасын жүзеге асыру жұмысы өрістетіліп жатыр. Колхоздар тың және тыңайған жерлерді көтеруге қызу әзірленуде. Жаңадан 92 ірі астық совхозы құрылады, бұлардың әрқайсысында егіс көлемі 20—30 мың гектардан болады. Трактор парк толық техникалық даярлыққа келтіріліп, көктемгі егіс жұмыстарын ұйымдастырудың жоспарлары жасалуда. Жаңа техника келіп жатыр. Қазақстанның МТС-тері мен совхоздарына 15 аттық күшімен есептегенде 1954 жы-

«Коммунист» колхозы айқын көрсетіп отыр. Бірнеше жылдар бойы бұл колхоз мемлекетке мақтаны Шауілдір, Шаян, Тұлқабас аудандары қанша өткізсе, сонша өткізіп келеді. Ал, бұл колхоздың мақта егісі бұл аудандардың мақта егісінен 3—4 есе кем.

Біздің міндетіміз — техникалық дақылдар өндіру ісін мықтап алға бастыру. Бұл үшін суару жүйелерін жақсы сақтап, жақсы пайдалану қажет, жаңа жерлерді суару ісін ұйымдастырып, колхоздарға еңбекті ұйымдастыру жұмысын жақсарту керек, озат агротехниканы ендіріп, бұл үшін туысқан Өзбекстанның тәжірибесін пайдалану қажет. Қазақстанда ауыл шаруашылығының аса маңызды саласы әрқашан мал шаруашылығы болып келеді.

175 миллион гектарға жететін өте көп табиғи жемшөптік қорлар, шалғындар мен жайылымдар Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының ондаған миллион мал тұлқаларын өсіруге мүмкіндік береді. Бұдан көп жыл бұрын партиямыздың Орталық Комитеті Қазақстанның екініңді колхозшыларының съезіне жолдаған құттықтауында былай деп жазған еді: «Қазақстанның екініңді колхозшылары... Сіздердің алдарыңызда Қазақстанды ең қысқа мерзім ішінде социалистік мал шаруашылығының Шығыстағы алдыңғы қатарлы отряды ету жөнінде аса маңызды міндет тұр».

Сол уақыттан бері Қазақстанның малшылары зор табыстарға жетті. Мал саны ұлғайды, бірқатар колхоздар оның өнімділігін арттыруда ірі нәтижелерге ие болды. Көптеген малшылар өздерінің адал және жанкыярлық еңбегі үшін медальдар мен, ордендермен наградталды. Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Сонымен бірге, тұрасын айту керек, мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыру үшін табиғи жемшөптік қорлар мен зор мүмкіншіліктер бола тұрса да, Қазақстанның мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының әлі де анағұрлым артта қалып келе жатқан саласы болып отыр, мал шаруашылығынан түскен табыстарды көп колхоздарда қанағаттанарлық деп таңуға болмайды. Азықтандырудың, бағын, күтудің нашарлығы салдарынан жыл сайын мал өлім-жітіміге көп ұшырап, төл аз алынып келеді.

Қазақстанның барлық колхоздары мен совхоздары, партия және совет ұйымдары алдында Қазақстанның мал шаруашылығын тиісті дәрежеде ұйымдастыру, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру міндеті тұр. Қазақстан Совет Одағында етті, жүнді және басқа мал шаруашылық өнімдерін тапсырушы негізгі ел болуға тиіс, ал, мал өсіруші колхоздар өз шаруашылығының дәрежесін және колхозшылардың қамтамасыз етілуін көтере алады және көтереді де.

Бұл үшін бәрінен бұрын барлық малды қажетті мөлшерде жемшөппен толық қамтамасыз ету, мұның ішінде жемшөптің сақтық қорларын да жасау міндетін

процент және 1953 жылы небары 42 процент орындалды. Мұның өзі мүлдем төзгісіз жағдай болып табылады және партия, совет органдарының, сондай-ақ одақтық министрліктердің ерекше назар аударуын керек етеді. Партиямыз еңбекшілердің тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын жақсартуға ерекше қамқорлық көрсетіп отыр, сондықтан құрылыс жұмысын жүргізетін ұйымдарда тапсырылған іске жауапсыз қараусыздық және құрылыс ұйымдары басшыларының тәртіпсіздігін біржолата жою керек.

Біздің алдымызда өнеркәсіп пен тұрғын үй құрылысын едәуір күшейту, кәзіргі бар өнеркәсіп орындарының жұмысын жақсарту жөнінде шұғыл міндет тұр.

Жұмысшы табының инженер-техник кадрларын және басшы қызметкерлердің еңбектегі күш-жігері өнеркәсіп пен транспорттың алдында тұрған зор міндеттерді орындауға, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге және оның сапасын жақсартуға бағытталуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдында 1954—1955 жылдары 6,3 миллион гектар тың жерлерді игеру, астық өндіруді және техникалық дақылдарды, ең алдымен мақтаны, қант қызылшасын өндіруді едәуір ұлғайту, малдың барлық түліктерінің санын оған әрі көбейту және олардың өнімділігін арттыру жөнінде өте-өте жауапты және құрметті міндет тұр.

Қазақстанның еңбекшілері тығыз топтасып, шаруашылық құрылыстың барлық учасқтарінде социалистік жарысты барынша өрістетіп отырып, Коммунистік партияның басшылығымен, СОКП Орталық Комитеті мен одақтық үкметтің көмегімен өздерінің алдына қойылған міндеттерді аброймен орындайды, сөйтіп, елімізде коммунизм орнатудың ортақ ісіне едәуір үлес қосады, бұған ешқандай күмән жоқ. (Қолшапалақтау).

Жолдастар! Қазақстанның еңбекшілері, бүкіл совет халқы сыяқты, ССРО Жоғарғы Советінің алдағы сайлауында моральдік-саяси бірлігін, Советтік Отанды оған әрі көрейту жолындағы күресте партиямыздың Орталық Комитеті алға қойған міндеттерді орындауға толық даярлығын және берік бел байлағандығын көрсетеді деп сенім білдіруге рұқсат етіңіздер. (Ду қолшапалақтау).

Коммунистік партия мен халықтың ұлы бірлігін бейнелейтін, қоғамдық дамудың қуатты күші, коммунистер мен партияда жоқтардың мызғымас блогі жасасын! (Ду қолшапалақтау).

Совет халықтарының мызғымас достығы жасасын! (Ду қолшапалақтау).

Совет халқы коммунизмге қарай жеңіспен бастап келе жатқан Коммунистік партия жасасын! (Ду қолшапалақтау).

Коммунизмнің құрылысы — ұлы совет халқы жасасын! (Нөпке дейін басылмаған ду қолшапалақтау).

Бұл шаралардың ең бастығы — оқушылардың ауыл шаруашылығына деген ынталылығы мен сүйіспеншілігін арттыру, оларға Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулы-қарарларын толық тү-

сіз. Қ. ҚАЛИЕВ, Қаладағы М. И. Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебінің директоры.

Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының екінші съезінің ашылуы

ВАРШАВА, 10 март. (СОТА-ның зрнаулы тілшісі). Бүгін Варшавада Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының екінші съезі ашылды.

Съезд ашылудан көп уақыт бұрын Ғылым академиясының физика үйінің залына съезд делегаттары мен қонақтарлық толды. Съезге құрамында СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас, СОКП Москва облыстық комитетінің бірінші секретары Н. А. Михайлов жолдас, Украина КП Орталық Комитетінің Президиум мүшесі және Украина ССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары А. Е. Корнейчук жолдас, Белоруссия КП Орталық Комитетінің екінші секретары Н. Е. Авхимович жолдас бар Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясы, Қытай Коммунистік партиясының делегациясы, халықтық демократия елдерінің туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары, Германияның Біртұтас социалистік партиясының, сол сыяқты Великобритания, Франция, Италия, Финляндия және Европа, Азия, Африка, Латын Америкасының көптеген елдерінің туысқан партияларының делегациялары келді.

Күндізгі сағат 12-де залға Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің председателі Болеслав Берут жолдас және Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелері келді. Сол сыяқты залға СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас бастаған Совет Одағы Коммунистік партиясы делегациясының мүшелері келіп кірді. Барлығы орындарынан тұрып ду овация жасады.

Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің атынан және оның тапсыруы бойынша съезді Орталық Комитеттің саяси бюросының мүшесі Юзеф Циранкевич жолдас ашты. Мұнан бес жыл бұрын өзінің бірігу съезінде жасалған Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы поляк халқын тарихи табыстардың жолымен сенімді түрде алып келе жатқандығын ол атап көрсетті. Өткен дәуірдің ішінде елде орасан зор өзгерістер болды — елді индустриаландыру ойдағыдай жүзеге асырылуда, ауыл шаруашылығында ірі-ірі өзгерістер болып жатыр.

Ю. Циранкевич жолдас данышпан Лениннің ісін ұлы алға апарушы, по-

ляк халқының досы И. В. Сталинді тұрып еске түсіруді ұсынды.

Ю. Циранкевич жолдас өзінің сөзінде Совет Одағы Коммунистік партиясы делегациясын, сол сыяқты, басқа туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының делегацияларын құттықтады. Барлығы орындарынан тұрып, Совет Одағы Коммунистік партиясының және басқа туысқан партиялардың құрметіне қызу, ұзақ уақыт овация жасады.

Съезд президиум сайлады, оған Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелері, Орталық Комитеттің саяси бюросының мүшелігіне кандидаттар, Болеслав Берут бастаған Орталық Комитеттің секретариат мүшелері енді. Ду қолшапалақтау үстінде председателдік етуші СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас бастаған Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясын, сол сыяқты, туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары делегацияларының басшыларын президиумнан орын алуға шақырды.

Съездің басқа органдары да сайланды. Төмендегі күн тәртібі бірауыздан бекітілді:

1. Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің есебі — баяндамашы Орталық Комитеттің председателі Болеслав Берут;

2. Орталық тексеру комиссиясының есебі — баяндамашы С. Рузга;

3. Алты жылдық жоспардың соңғы екі жылының (1954—1955 жылдар) негізгі экономикалық міндеттері — баяндамашы Х. Минц;

4. 1954—1955 жылдарда ауыл шаруашылығын дамытудың міндеттері туралы және ауылшаруашылық өндірісін көтеру үшін қажетті шараларды қолдану туралы — баяндамашы З. Новак;

5. Кейбір ұйымдастыру міндеттері және Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Уставына өзгерістер — баяндамашы Э. Охаб;

6. Партияның басшылық органдарын сайлау.

Мұнан кейін Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің председателі Болеслав Берут Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасады. Оны съездің делегаттары жылы шыраймен қарсы алды.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.